

«Гаухар» бөбекжай-бақшасы



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында,
«Жауапты бала -жақсы дос» тақырыбында сюжеттік
рөлдік ойын ұйымдастырылды.**

(Ересек топ)

Ұйымдастырған : Илан Мешітханқызы

2025-2026оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, «Жауапты бала -жақсы дос» тақырыбында сюжеттік рөлдік ойын ұйымдастырылды.

Мақсаты :Жауапты ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.

Жауапты іс атқара отырып ,жағымды әдеттер туралы түсініктерін кеңейту

Досқа деген адалдық дағдыларын дамыту.

Ойын барысында өз-өз мамандықтарына жауапгершілікпен қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сюжеттік-рөлдік ойын: Аурухана және отан қорғаушылар

Ойынның мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып, ой өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

Ақ халатты абзал жандардың игілікті еңбегіне деген балалардың сүйіспеншіліктерін арттыру.Дәрігердің сезімталдығы, кішіпейілділігі, қамқорлығы сияқты қасиеттерін жете түсіндіру.Ойынға тәрбиешінің қалай басшылық жасайтынын нақты мысалдармен көрсете білу.

Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту.Еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Ойын Ойын ережесі: Балаларды рөлдерге дұрыс бөлу, ойынды өз мәнінде өрбіте білу және өз ісіне жауапты болу. Ойын басталмас бұрын рөлдер тағайындалады: мысалы, «Дәрігер» - Ильнар, «**командир**»- Айдай т.б сарбаздар.

Ойын барысы:

Балаларды рөлдерге дұрыстап бөлу, ойынды өз мәнінде өрбіту.Командир жауапты ісін атқарып сарбаздарының денсаулығын тексертуге саппен ауруханаға алып келеді. Дәрігер Ильнар үндемей,өзінің ісіне жауаптылық пен имандылық, мейірімділікпен градусникті қойды да, сарбаздарды біртіндеп тексере бастайды.Міне, осы сәтте балалар өз істерін жауапгершілікпен адал достық қарым-қатынаспен алып шығу кезінде тәрбиеші ойынға араласады да, балалардың ойын кезіндегі жіберген кемшіліктерін түзетуге бағытталған сұраулар береді және көмектеседі..

Күтілетін нәтиже:

Балаларды адалдыққа, еңбексүйгіштікке, әділ шешім қабылдауға, және өз әрекеттері үшін жауап беруге тәрбиелеу. Бұл қасиеттер тұлғаның моральдық дамуына, айналасындағы адамдармен сенімді қарым-қатынас орнатуына және қоғамда әділеттілік сақтауына ықпал ететінін білу.

